

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

05.10.2017 ж.  
сағ.: 11:00

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы.

**Комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков - ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М. Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н.Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқарма басшысының м.а., Т.А. Қалқаманов - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың орынбасары, Ж. Т. Баякова – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.


**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шарттарға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін төмендету.

Тендер 2017 жылғы 21 қыркүйектегі мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 28 қыркүйектегі №293 және 2017 жылғы 28 қыркүйектегі №350 мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша шарттарының жасалуына байланысты көлемі төмендетілсін:



- 247 лоты «ж/с бидай ұны» 0,250 тоннаға;
- 293 лоты «ж/с бидай ұны» 0,150 тоннаға;
- 349 лоты «шай» 0,01 тоннаға;
- 352 лоты «шай» 0,01 тоннаға;
- 928 лоты «макарон өнімдері» 0,100 тоннаға;

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 5 қазандағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Интернет-ресурсында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 5 қазандағы сағат 11.02-де жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 5 қазандағы өзегістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 40 бетте.

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.



**Комиссия мүшелері:**


Орынбеков Б. Ә.




Ахметов Б.Қ.



Шәкірбаев М.С.



Иманбаев Н.М.



Рахаев М.Н.



Әжіғұлова М.Ж.



Қалқаманов Т.А.



**Комиссия хатшысы:**

Баякова Ж.Т.

